

Бекітемін
ҚР МАМ «Күләш Байсейітова
атындағы Қазақ ұлттық өнер
университеті» РММ ректоры
Г.А. Ахмедьяров

« _____ » _____ 2026 жыл

**ҚР МАМ «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер
университеті» РММ-де 2025 жылға жүргізілген сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2026 жылғы 03 наурыздағы № 06-1-15/1023 шығыс хаты негізінде 2026 жылғы 08 сәуірдегі № 122-НҚ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ (бұдан әрі – Университет) жұмыс тобын құру туралы» Бұйрық шығарылды:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өткізу жоспарының орындалуын бақылауға жауапты болып ғылыми-шығармашылық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор Р.С. Нұртаза тағайындалсын.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылсын.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУ
ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**

№ р/с	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Р.С. Нұртаза	Ғылыми-шығармашылық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор
2	Н.А. Камзин	Тәрбие жұмысы және шығармашылық қызмет жөніндегі проректор
3	А.Б. Тани	Колледж және мектеп бойынша оқу процесін ұйымдастыру қызметінің басшысы

4	А.О. Дюсенбаева	Мамандармен жұмыс жүргізу бөлімінің басшысы
5	А.Н. Романова	Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы
6	О.М. Байбеков	«Қазақ ұлттық өнер университетінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы
7	Б.Б. Раимбеков	ҚҚ бөлімінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі маманы

Университетте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және оларға жол бермеу мақсатында келесі нормативтік-құқықтық актілер әзірленіп, бекітілді:

- Академиялық адалдық кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- Мүдделер қақтығысы туралы ереже;
- Корпоративтік әдеп кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа және коммерциялық параға қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
- Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы ереже;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты іске асыру әдістемесін бекіту.

Сондай-ақ Университеттің ресми сайтында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша бөлім ұйымдастырылған.

Бас оқу корпусы мен мектеп-колледжде көрнекі үгіт-насихат материалдары және сенім телефондары көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы ақпараттық стендтер орнатылған.

Бас корпуста және колледжде азаматтардың өтініштеріне арналған жәшіктер орнатылды.

Университетте 2019 жылдан бастап 2-курста 5 кредиттік «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні енгізілген.

1. Персоналды басқару.

Университетте 1176 адам жұмыс істейді, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамы (ЖОО) – 360, педагогикалық қызметкерлер (колледж-мектеп) – 463, әкімшілік-басқару және қызмет көрсету персоналы (ӘБП, ҚКП) – 226, оқу-көмекші персонал (ОКП) – 127.

Университет құрамына 7 факультет кіреді. Факультеттер «Педагогикалық ғылымдар» және «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» атты екі даярлау бағыты бойынша кадрларды даярлауды жүзеге асырады:

- 1) Бакалавриат
- 11 білім беру бағдарламаларының тобы
- 57 білім беру бағдарламасы

- 2) Магистратура
14 білім беру бағдарламаларының тобы
30 білім беру бағдарламасы
- 3) Докторантура
4 білім беру бағдарламаларының тобы
13 білім беру бағдарламасы.

Әкімшілік-басқару персоналының (ӘБП) құрамына проректорлар, декандар, бөлім басшылары, кафедра меңгерушілері кіреді. Университет құрылымы классикалық сипатқа ие және оқу, ғылыми, тәрбие, сондай-ақ көмекші бөлімшелерді қамтиды.

Тұрақты негізде құрылымдық бөлімшелердің ережелері мен лауазымдық нұсқаулықтарын жаңарту жұмыстары жүргізіліп тұрады, онда Университет қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер ескеріледі.

- Университеттің кадр саясатын зерделеу нәтижесінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 26 тамыздағы № 503-НҚ бұйрығына сәйкес ӘБП-ға кандидаттарды жұмысқа қабылдау рәсімінің тетігін (Қағидаларын) нысықтау, талаптарды құрастыру және үміткерлерді бағалау, жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдау қажеттілігін көрсетті.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 26 тамыздағы № 503-НҚ «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Регламентін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығынан:

Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын адамды жұмысқа қабылдауды кадр қызметі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырады:

1) өз қолымен ресімделетін немесе Word форматында басылатын (қаріп өлшемі мен түрі – 14 Times New Roman) мемлекеттік тілде (қажет болған жағдайда орыс тілінде) жазылған және күні көрсетіліп, өтініш берушінің жеке қолымен куәландырылған өтініш. Өтініш лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды тұлғаның атына ресімделеді, тиісті құрылымдық бөлімше басшысымен, Кадр жұмысы басқармасының басшысымен және Кадр жұмысы департаментінің директорымен бұрыштама қойылады;

2) конкурс комиссиясының хаттамасы;

3) құжаттар кітапханасында орналастырылған жұмысқа қабылдау үшін қажетті құжаттар тізбесі.

2. Университет қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығысының бар-жоғына талдау жасау.

- *Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізілімі (1-қосымша);*

3. Ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар-жоғына талдау жасау.

Университет сайтына жүргізілген мониторинг Қаржы бөлімінде 2025 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есептің жоқ екенін көрсетті, жоспарлау-экономикалық бөліміне есепті қысқа мерзімде ұсыну ұсынылды.

Университет білім алушыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша көзқарасын зерделеу мақсатында 2025 жылғы 27 ақпан мен 27 наурыз аралығында Университеттегі сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша білім алушылардан анонимді сауалнама алынды. «Platonus» АЖ арқылы 1777 білім алушы немесе мақсатты аудиторияның 86%-ы сұралды.

Сауалнама нәтижелері бойынша 1777 білім алушының ішінде кемінде 92 адам университет қабырғасында сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болған.

Әдетте бұл сессия/бақылау жұмыстарын тапсыру кезінде, сондай-ақ сабаққа қатысуды тіркеу кезінде орын алады, бұл ретте пара берудің бастамашылары ретінде оқытушылар да, білімінде олқылықтары бар білім алушылар да болады.

Университетке енгізілген «Platonus» АЖ, негізінен, академиялық адалдықпен (плагиат, көшіру) және тестілеу ережелерімен, сондай-ақ емтихандарға жіберуге арналған ішкі рейтинг жүйесімен байланысты. Барлық жұмыс кезеңдері және кімнің неге жауапты екені нақты жазылған «Platonus» АЖ-дағы жұмысты реттейтін НҚА бекітілсін.

Мәселен, емтихан тапсыру кезінде камерамен байланыстың үзілуін тіркеу оқу бөлімінің (комиссиялық түрде) емтихан нәтижелерін қайта тексеруіне негіз болуы тиіс.

Емтихан нәтижелерін комиссиялық түрде іріктеп тексеру жүргізілсін.

Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет «Platonus» АЖ-дағы жұмысты реттейтін НҚА-ны әзірлеп, бекітсін.

Мемлекеттік сатып алу бөлімі, 2024 жылға жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі техникалық ерекшелікті құрастыру бойынша камералдық бақылау тарапынан ескертулер бар екенін көрсетті (мысалы: Ұйым сатып алу шеңберінде көрсетілетін қызметтердің немесе тауарлардың сипатына сәйкес келмейтін тым жоғары біліктілік талаптарын белгілейді).

Камералдық бақылау тарапынан ескертулерге жол бермеу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2024 жылғы 31 желтоқсанда енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2025 жылға арналған анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі жоспарда мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшылығына Университеттің мемлекеттік сатып алу саласындағы жауапты қызметкерлерінің міндетті түрде қатысуымен семинар ұйымдастыру тапсырылды.

Мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшылығы бұл тапсырманы орындаған жоқ.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында келесілер ұсынылады:

1. *Құқықтық қамтамасыз ету бөлімімен бірлесіп, мемлекеттік сатып алуды өткізуді реттейтін НҚА әзірлеп, бекіту; онда қалыптастырудың барлық кезеңдерін (өтінім, техникалық ерекшелік, мемлекеттік сатып алуды өткізу, тауарды қабылдау тәртібі) әр кезеңге жауапты тұлғаларды көрсете отырып жазу. Негіз ретінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі ұсынған Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарды жасасу алгоритмін (16.01.2026 ж. № 06-1-15/285 шығыс хаты) алу.*

2. *Университеттің мемлекеттік сатып алу саласындағы жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жылына кемінде екі рет оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу. Сабақ барысында спикердің назарын мынадай мәселелерді ашуға аудару:*

- мемлекеттік сатып алу туралы шартты ресімдеу кезінде не қызмет немесе жұмыс болып табылады;*
- техникалық ерекшелікті қалыптастыру кезіндегі талаптар.*

4. Мемлекеттік сатып алу саласы.

Тауарлар мен қызметтерді тұрақты жеткізушілер

сыртқы ұйымдардан ең жиі сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі:

– азық-түлік, дәрі-дәрмектер, ЖЖМ, кеңсе тауарлары, шаруашылық тауарлары, құрылыс материалдары, жазылым, ұйымдастыру техникасы мен

басқа да жабдықтарға арналған шығын материалдары мен қосалқы бөлшектер және т.б.

– коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері, күзет қызметтері, өрт дабылы жүйесіне қызмет көрсету, клинингтік қызметтер, «Кондиционерлеу, желдету, жылыту және БӨАЖА жүйелерінің орнатылған жабдықтарының жұмыс параметрлерін сервистік қолдау және күтіп ұстау қызметтері», қатты тұрмыстық қалдықтар мен қар шығару қызметтері, нысандарды дезинсекциялау, дезинфекциялау және дератизациялау қызметтері, курьерлік қызметтер, полиграфия қызметтері және т.б.

Ұқсас тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қатарынан екі және одан да көп жыл бойы жүзеге асырылған жеткізушілер тізбесі: «Көкшетау Энерго Орталығы» ЖШС, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Астана-РЭК» АҚ, «Астана-Теплотранзит» АҚ, Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» ШЖҚ РМК, ҚР ДСМ СЭБҚ «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-ның Астана қаласы бойынша филиалы - монополистер болып табылады.

«ТаирКом» ЖШС, «Triumph-2020» ЖШС, «Platonus» ЖШС, «PLAGIAT.PL» ЖШҚ филиалы, «Elite Technology», «SOMNIUM» (СОМНИУМ)» ЖШС – шарттар өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен жасалған.

«Seven Hills of Kazakhstan» ЖШС, «Топар» күзет фирмасы» ЖШС, «FTC win (ЭФТИСИ уин)» ЖШС – шарттар ашық конкурс арқылы жасалған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 525-тармағына сәйкес, шарт Заңның 43-бабының 19-тармағына сәйкес келесі фактілердің бірі анықталған жағдайда, оны кез келген кезеңде бұзу туралы талапты қамтиды:

– Заңның 26-бабына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) соманы енгізбеу арқылы шарт жасасудан жалтару. Бұл ретте тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу **мерзімі өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде** веб-портал арқылы жеткізушіге шартты бұзу ниеті туралы хабарлама жібереді. Егер жеткізуші веб-портал арқылы хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші шартты бұзу туралы хабарлама жібереді;

– Жеткізуші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін **Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде** шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету

сомасын енгізуге міндетті. Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесінде тіркегеннен кейін күшіне енеді.

– №100 МУСАЕВ ГАЗИЗ – «Қазынашылық – Клиент» АЖ-да тіркелген күні – 09.09.2025 ж. Жеткізуші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді 10 жұмыс күні ішінде, яғни 19.09.2025 ж. дейін енгізбеген.

– Заңның 18-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген шектеулерді бұзу (жеткізуші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда).

№130 «ALINAZAR» ЖК – «Қазынашылық – Клиент» АЖ-да тіркелген күні – 17.10.2025 ж. Тауар талап етілетін техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмейді.

№ 010340003775/250174/00 «Мейірім» мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қолдау бойынша» қоғамдық бірлестігі – шарт жасалған күн – 27.11.2025 ж. Жеткізуші өзінің шарттық міндеттемелерін мерзімінде орындамаған.

2025 жылғы камералдық тексерулер саны (енгізілген нұсқамалар туралы ақпарат): МІАК-нен (МІАД) – 5 хабарлама, барлық хабарламалар орындалды.

2025 жылғы талап қою-талап арыз жұмысы бойынша ақпарат:

– **«Назира» ЖК:** Астана қаласының МАЭС 2025 жылғы 31 қаңтарда шешім шығарды – «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің «Назира» ЖК-ны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы **қанағаттандырылды.**

– **«Dostyk Millenium» ЖК:** Астана қаласының МАЭС 2025 жылғы 06 ақпанда шешім шығарды – «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің «Dostyk Millenium» ЖК-ны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы **қанағаттандырылды.**

– **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерінің «Еңбек–Өскемен» ШЖҚ РМК** (бұдан әрі – Жауапкер): Жетісу облысының МАЭС 2025 жылғы 04 наурызда шешім шығарды – «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің Жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы бойынша: 8 879 519 теңге сомасын өндіріп алу бөлігінде талап арыз **қанағаттандырылды,** ал мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізіліміне енгізу бөлігінде **бас тартылды.**

- «**Бастион-ГБР**» ЖШС: Астана қаласының МАЭС 2025 жылғы 21 тамызда «Бастион-ГБР» ЖШС-нің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-не қарсы талап арызы бойынша келесідей шешім шығарды:

1. 2025 жылға арналған күзет қызметтерін сатып алуды шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы шешімді (2025 жылғы 06 қаңтардағы № 02-Ө бұйрық) заңсыз деп тану және күшін жою;
2. 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 01 шартты және 2025 жылғы 18 ақпандағы № 1 шартқа қосымша келісімді жарамсыз деп тану; талап **қанағаттандырылды.**

- «**Алиас**» ЖК: Астана қаласының МАЭС 2025 жылғы 05 қыркүйекте «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің «Алиас» ЖК-ны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызын қанағаттандырудан **бас тарту** туралы шешім шығарды.

- «**Nur-STROI**» ЖК: Астана қаласының МАЭС 2025 жылғы 06 қазанда «Nur-STROI» ЖК-ның «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-не берешек сомасын, тұрақсыздық айыбын, шығындар мен мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы талап арызын **қанағаттандыру** туралы шешім шығарды.

- «**Соотечественники**» ЖШС:

Астана қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы (апелляциялық саты) 2024 жылғы 24 желтоқсанда «Соотечественники» ЖШС-нің «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-не 2024 жылғы 12 маусымдағы қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы заңсыз деп тану және күшін жою туралы, сондай-ақ 2024 жылғы 12 шілдедегі мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану туралы талап арызын қанағаттандырудан **бас тарту** туралы қаулы шығарды.

Қазақстан Республикасының әкімшілік істер жөніндегі кассациялық соты 2025 жылғы 13 тамызда «Соотечественники» ЖШС-нің «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-не 2024 жылғы 12 маусымдағы қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы заңсыз деп тану және күшін жою туралы, сондай-ақ 2024 жылғы 12 шілдедегі мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану туралы талап арызын **қанағаттандыру** туралы қаулы шығарды.

5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша жұмыс тобы оларды жоюға арналған, мерзімдері мен жауапты орындаушылар көрсетілген іс-шаралар жоспарын ұсынды (2-қосымша).

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюды бақылау мақсатында тұрақты негізде мониторинг кестесі толтырылады (3-қосымша).

**Ғылыми-шығармашылық жұмыс және
халықаралық ынтымақтастық жөніндегі
проректор**

Р.С. Нұртаза

жұмыс тобының мүшелері:
